

Бөлімі		Қоршаған ортаны қорғау		
Мектептің атауы		№13 «Муками» атындағы ЖОББМ		
Педагогтің аты жөні:		Досбағанбетова Р. Т		
Күні:		2025		
Сынып:		4	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:		Ядролық жарылысқа – «Жоқ» дейміз!		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		4.1.1.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру.		
Сабақтың мақсаты:		Түрлі сипаттағы әндерді айтуда жеңіл, созып орындау дағдыларын көрсету. Музыкалық шығармашылық жұмыстарды жасау үшін өз идеясын ұсыну және түрлі материалдар мен ресурстар таңдау		
Сабақтың барысы:				
Сабақтың кезеңі (уақыты)	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы мин	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі. Топқа бөліну (табиғат суреттері арқылы). Өткен сабақты еске түсіру. Сұрақ-жауап әдісі. «Ғажайып ноталар» 1. Ән дегеніміз не? 2. Терме дегеніміз не? 3. «Аралым» әнінің авторы кім? (Нағашыбаев) 4. «Арал тағдыры» күйін шығарған кім? (Сайжанов) 5. «Аралым – айдын шалқарым» деген терменің авторы кім? (Рахметов) 6. Суретші ретінде Арал экспедициясына қатысқан кім? (Т.Г.Шевченко) 7. Т. Шевченко «Арал» теңізінің суретін қай кезде салған? (1848ж) 1-тапсырма. Ойтолғау. Бейнематериал. Презентация бойынша әңгімелеу. Қаншама жылдар өтсе де, ядролық жарылыс мәселесі, оның салдары, зардап шеккен сансыз адамдар, олардың тағдыры мен денсаулығы халқымызды	Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді. Нотаға жасырынған сұрақтарға ауызша жауап беру. Оқушылар бейнематериалды көрген соң пікірталасқа арналған сұрақтарға	Қалыптас тырушы бағалау	Бейне жазба сілтемесі Смайлик

Сабақтың ортасы мин	толғандырады. Еліміздің болашағы бақытты болсын, мұндай қатерлі жағдай кездеспесін деп қаншама әрекеттер жасалып жатыр. Біздің Қазақстанымызды «ядролық қарусыз аймақ» деп 1991 жылы 28 тамызда Декларация қабылданғаны туралы бейнежазбадан көрдің. Еліміз алға қойған мақсатына жетті. Семей полигоны жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекетін жалғастырды. «Дүниетану» сабағынан экологиялық мәселелердің бірі – қоршаған ортамыздың тазалығын сақтау екенін білдің. Мына сұрақтарға жауап бер: • Семей полигонының жабылуы экология мәселесін шешті ме? • «Невада–Семей» қозғалысы қай жылы өз жұмысын бастады? • Бұл қозғалысты басқарған кім? • Семей полигонын жабу туралы Жарлық кімнің басшылығымен шықты? • Бейнетаспадағы «Заман-ай» әнін сыныпта тыңда. Бұл әнді тұңғыш орындаушы – біздің елімізге танымал қазақ эстрада әншісі, Қазақстанның халық әртісі – Роза Рымбаева. Роза Қуанышқызының туып-өскен жері – Семей өңірі. 2-тапсырма. Тыңдау. Заман-ай Өлеңін жазған: Ұ. Есдәулет Әнін жазған: Т. Мұхамеджанов • Әннің мазмұнына және орындалуына көңіл бөл. Қандай мәселе туралы жазылған? • Бұл ән қандай көңіл күйде орындалды? Торкөздерден дұрыс деген сөздерді белгілеп, түсінігінді айтып бер: көңілсіз қуанышты мұнды байсалды зарлы Дескриптор: Әннің қандай мәселе туралы жазылғанын айта алады. Әннің қандай көңіл-күйде орындалғанын ажырата алады. Әннің мазмұнын түсіндіре алады. Сергіту сәті: Топтық жұмыс 1топ: Сәйкестендіру.	жауап береді. • Ғаламтор желісінен , энциклопедиялардан, кітаптардан және т.б. сабақ тақырыбына қатысты ақпараттар іздеп, сұрақтарға жауап берді: Тапсырмаларды орындайды. Торкөздерден дұрыс деген сөздерді белгілеп, түсінігін айтып береді	ҚБ	Бейне жазба, оқулық
Сабақтың соңы 10 мин	2-тапсырма. Тыңдау. Заман-ай Өлеңін жазған: Ұ. Есдәулет Әнін жазған: Т. Мұхамеджанов • Әннің мазмұнына және орындалуына көңіл бөл. Қандай мәселе туралы жазылған? • Бұл ән қандай көңіл күйде орындалды? Торкөздерден дұрыс деген сөздерді белгілеп, түсінігінді айтып бер: көңілсіз қуанышты мұнды байсалды зарлы Дескриптор: Әннің қандай мәселе туралы жазылғанын айта алады. Әннің қандай көңіл-күйде орындалғанын ажырата алады. Әннің мазмұнын түсіндіре алады. Сергіту сәті: Топтық жұмыс 1топ: Сәйкестендіру.	жауап береді. • Ғаламтор желісінен , энциклопедиялардан, кітаптардан және т.б. сабақ тақырыбына қатысты ақпараттар іздеп, сұрақтарға жауап берді: Тапсырмаларды орындайды. Торкөздерден дұрыс деген сөздерді белгілеп, түсінігін айтып береді	ҚБ	Бейне жазба, оқулық Сұрақтарға жауап береді. Ән орындау, аудио жазбалар, бейне жазбалар

	2топ: «Ядролық жарылысқа жоқ дейміз» тақырыбына сурет салады. 3топ: Қоршаған ортаны қорғау тақырыбына сай эссе жазу. 3-тапсырма. Әнді үйрену. Дауыс жаттығуы Ядролық жарылысқа – «Жоқ» дейміз! Өлеңін жазған Р. Наурызбаева Әнін жазған: Н. Мирманов • Әннің мазмұнына көңіл бөл. Не туралы айтылады? • Қоршаған ортамызды қорғау үшін қандай талаптар қойылып отыр? • Бірінші шумақ пен қайырмасын ән орындау талаптары бойынша үйрен. Полигон – қару-жарақ пен әскери техникаға сынақ жүргізуге арналған арнайы бөлінген және жабдықталған аймақ. Радияция (өткір радиация) – ядролық жарылыс кезінде тарайтын радиоактивті сәулелер. 4-тапсырма. Зерттеу, ақпарат іздеу. <i>Келесі сабаққа дөңгелек үстел өткізуге дайындық жүргізу.</i> «Ядролық жарылысқа – «Жоқ» дейміз!» атты дөңгелек үстел өткізуге дайындық жүргіз. Мұғалім оқушыларды «Экологтар», «Дәрігерлер», «Өнертанушылар», «Ғалымдар», «Мұғалімдер», «Оқушылар» деген алты топқа бөліп, сабаққа дайындайтын тапсырмалар беріп, бірге талқылайды. Әр топ жұмыс бағытына қарай ғаламтор желісінен, кітапхана және т.б. дереккөздерден мына тапсырмалар бойынша ақпарат іздейді: • өздерінің жасап жатқан жұмыстары туралы қысқаша мәлімет; • әр бағыт бойынша ядролық жарылыстың зияны туралы мәлімет; • сол саладағы атақты адамдар туралы мәлімет; • табиғатты қорғау үшін осы бағытта қандай жұмыстар атқару керектігі туралы мәлімет.	тапсырмаларды орындайды До мажор гаммасын орындайды «Ядролық жарылысқа – «Жоқ» дейміз!» атты дөңгелек үстел өткізуге дайындық жүргізді. 	«Басбармақ» әдісімен бағалады 	Кері байланыс ағашы
--	---	--	--	----------------------------

	5-тапсырма. Бағалау. 1. Сабақта берілген тапсырмаларды қалай орындадым? 2. Орындағанда қандай қиындықтарға тап болдым? 3. Өз дайындығымды қалай жақсартар едім? Рефлексия «Табиғат аясы» Оқушыларға көгершіндер таратылады. Биік орналастырса - мен сабақты жақсы түсіндім, тапсырмаларды орындадым Ортасына орналастырса – тапсырмаларды орындауда маған қиын болды, көңіл күйім нашар.		ҚБ	
--	---	--	----	--